

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ



**«БУЛЛИНГТІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ:
ТЕОРИЯ ЖӘНЕ ПРАКТИКА»
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ
МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ**

22 мамыр, 2024 жыл

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ
«АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ БУЛЛИНГА:
ТЕОРИЯ И ПРАКТИКА»**

22 мая, 2024 года

АСТАНА

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КөАҚ

**ӘЛЕУМЕТТІК ҒЫЛЫМДАР ФАКУЛЬТЕТІ
ПЕДАГОГИКА КАФЕДРАСЫ**



**«БУЛЛИНГТІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ: ТЕОРИЯ ЖӘНЕ ПРАКТИКА»
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ
МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ**

22 мамыр, 2024 жыл

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ
«АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ БУЛЛИНГА: ТЕОРИЯ И ПРАКТИКА»**

22 мая, 2024 года

**Астана
22 мамыр, 2024 ж.**

УДК 159.922.7

ББК 88.8

Б 83

Бас редактор/главный редактор:

Асылбекова М.П. – педагогика кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.к., профессор (заведующая кафедрой педагогики, к.п.н., профессор)

Б 83 «Буллингтің өзекті мәселелері: теория және практика» халықаралық ғыл.-прак. конф. материалдар жинағы (22 мамыр, 2024 жыл) = Сборник материалов межд. науч.-прак. конф. «Актуальные вопросы буллинга: теория и практика» (22 мая, 2024 года). / Бас ред./гл. ред.: Асылбекова М.П./ – Астана: «Бұлатов А.Ж.» ЖК, 2024. – 468 б. (с.)

ISBN 978-601-326-780-7

Жинаққа Қазақстан және шетел ғалымдарының, ЖОО оқытушыларының мектеп мұғалімдерінің, студенттер, магистранттар, докторанттардың мақалалары енгізілген.

В сборник включены статьи казахстанских и зарубежных ученых, преподавателей вузов, школьных учителей, студентов, магистрантов, докторантов.

BR18574152 «Балаларға қатысты буллингтің алдын алу шараларын әзірлеу және оның өзекті аспектілерін зерттеу» тақырыбындағы 2023-2024 жылдарға арналған бағдарламалық мақсатты қаржыландыру жобасы аясындағы «Буллингтің өзекті мәселелері: теория және практика» халықаралық ғылыми-практикалық конференция.

УДК 159.922.7

ББК 88.8

ISBN 978-601-326-780-7

© «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» КеАҚ, 2024

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Сомжүрек Б.Ж. –	ғылыми семинар төрағасы, әлеуметтік ғылымдар факультетінің деканы;
Асылбекова М.П. –	педагогика кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.к., профессор;
Атемова К.Т. –	педагогика ғылымдарының докторы, профессор;
Сейітқазы П.Б. –	педагогика ғылымдарының докторы, профессор;
Шалғынбаева Қ.Қ. –	педагогика ғылымдарының докторы, профессор;
Албытова Н.П. –	педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор;
Сламбекова Т.С. –	педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор;
Шолпанкулова Г.К. –	педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор;
Жубакова С.С. –	педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент;
Жукенова Г.Б. –	педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент;
Махадиева А.К. –	философия докторы (PhD), доцент м.а.
Балтабаева Ж.Б. –	магистр, аға оқытушы

ЧЛЕНЫ ОРГКОМИТЕТА:

Сомжүрек Б.Ж. –	председатель научного семинара, декан факультета социальных наук;
Асылбекова М.П. –	заведующая кафедрой педагогики, к.п.н., профессор;
Атемова К.Т. –	доктор педагогических наук, профессор;
Сейітқазы П.Б. –	доктор педагогических наук, профессор;
Шалғынбаева Қ.Қ. –	доктор педагогических наук, профессор;
Албытова Н.П. –	кандидат педагогических наук, профессор;
Сламбекова Т.С. –	кандидат педагогических наук, профессор;
Шолпанкулова Г.К. –	кандидат педагогических наук, профессор;
Жубакова С.С. –	кандидат педагогических наук, доцент;
Жукенова Г.Б. –	кандидат педагогических наук, доцент;
Махадиева А.К. –	доктор философии (PhD), и.о. доцента.
Балтабаева Ж.Б. –	магистр, ст. преподаватель.

- some aspects in the educational environment by students of the risk group]. Казанский педагогический журнал, No5, 37–46. DOI: 10.51379/KPJ.2021.149.5.037
7. Sarfraz, M., Khawaja, K. F., Ivascu, L., & Khalil, M. (2023). An empirical study on cyber ostracism and students' discontinuous usage intention of social networking sites during the COVID-19 pandemic: A mediated and moderated model. *Studies in Educational Evaluation*, 76, 101235. <https://doi.org/10.1016/j.stueduc.2023.101235>
 8. Tsutsumi, S. (1999). *Japan's Consumer Society*. Tokyo: ARC Publishing.
 9. Voevodina, E. V. (2022). Проблемы социального взаимодействия в поликультурном пространстве: дискриминация, толерантность и "поколение снежинок". *Koinon*, 3(3-4), 41–51.
 10. Williams K.D. Ostracism: a temporal need-threat model. In Zanna M. (ed.) // *Advances in Experimental Social Psychology*. - 2009. - vol. 41. - pp. 279-314.
 11. Rudert, S. C., Janke, S., & Greifeneder, R. (2021). Ostracism breeds depression: Longitudinal associations between ostracism and depression over a three-year-period. *Journal of Affective Disorders Reports*, 4, 100118. <https://doi.org/10.1016/j.jadr.2021.100118>
 12. Ульянова, И. В. (2021). Педагогическая профилактика остракизма в образовательной среде курсантов-первокурсников. *Психология и педагогика служебной деятельности*, 3, 231-237. DOI 10.24412/2658-638X-2021-3-231-237
 13. Бойкина, Е.Э., Чиркина, Р.В., Радчиков, А.С., Морозикова, И.В., Пярых, Г.А., & Анисимова, Е.В. (2023). Шкала субъективного остракизма (подростки, молодежь), ШСО-ПМ. *Психология и право*, 13(4), 132-149. <https://doi.org/10.17759/psylaw.2023130410>

FTAMP 14.35.01

МЕДИАБІЛІМ – БУЛЛИНГТІҢ АЛДЫН АЛУДЫҢ ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ДЕНСАУЛЫҚТЫ ДАМУДЫҢ ШАРТЫ РЕТІНДЕ

Сейітқазы Перизат Байтешқызы
perizatbs@mail.ru

Педагогика ғылымдарының докторы, профессор
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ., Қазақстан

Кулдашева Надежда Утегалиевна
nadezhda.22.77@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің докторанты,
Астана, Қазақстан

Ырымбаева Нургуль Алдажаровна
nurgul.a@internet.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің докторанты,
Астана, Қазақстан

Аннотация. Бұл мақалада қазіргі кезеңдегі білім беру жүйесіндегі буллинг мәселесі қарастырылған. Авторлар тарапынан буллингтің психологи-

ялық денсаулыққа әсері туралы шетелдік зерттеулерге талдау жасалған. Буллингтің алдын алудың және білім алушылардың психологиялық денсаулығын сақтаудың тиімді құралы ретінде медиабілім берудің рөлі зерттеледі. Бүгінгі таңда цифрлық технологиялар мен әлеуметтік медианың кеңінен таралуын ескере отырып, буллингтің алдын алудың және білім алушылардың психологиялық денсаулығын сақтаудың тиімді тәсілдері қарастырылады. Мақалада тақырып аясындағы ғылыми әдебиеттер зерделеніп, негізгі кілттік сөздердің анықтамалары берілген.

Annotation. This article discusses the problem of bullying in the education system at the present stage. The authors analyzed Foreign Studies on the impact of bullying on psychological health. The role of media education as an effective means of preventing bullying and maintaining the psychological health of students is studied. Today, taking into account the widespread use of digital technologies and social media, effective ways to prevent bullying and protect the psychological health of students are considered. The article examines the scientific literature on the topic and provides definitions of key words.

Түйін сөздер: буллинг, кибербуллинг, психологиялық денсаулық, медиабілім.

Keywords: bullying, cyberbullying, psychological health, media education.

Қазіргі білім беру жүйесінде қойылған ең өзекті мәселелердің бірі – қауіпсіз ортаны құру. Қауіпсіздік сезімі білім алушылардың жалпы психоэмоционалды жағдайына тікелей әсер етіп қоймай, табысты дамудың кепілі болып табылады.

Осыған байланысты, қазіргі таңда білім беру мекемелеріндегі буллинг мәселесіне көбірек көңіл бөлінуде. Әлеуметтік психологиялық құбылыс ретінде буллинг білім алушыларға тікелей қауіп төндіреді.

Психология мен педагогика ғылымындағы буллинг мәселесі 1970 жылдары норвегиялық ғалым Д.Олвеустің мақаласы жарияланғаннан кейін шетелде көңіл бөліне бастады. Одан соң 1980 жылдардың аяғынан бастап буллинг ұғымының анықтамасы, себептері, факторлары, алдын алу, салдары, жеке ерекшеліктері Батыс ғылымында да, тәжірибесінде де қызығушылықты арттырды.

АҚШ-тың мектеп қызметкерлерінің ұлттық қауымдастығы буллингке – бұл бір немесе бірнеше оқушының басқа оқушыға қатысты ауызша және вербалды емес мінез-құлқының динамикалық және қайталанатын үлгілері, қасақана зиян келтіруге ұмтылу, сонымен қатар нақты немесе айқын күш айырмашылығының болуы деген анықтама берді [1].

Е.Ролланд «қорқыту құрылымын» – қуғыншыларды, олардың құрбандарын және сыртқы бақылаушыларды қамтитын әлеуметтік жүйе деп анықтады. Жүйенің әр қатысушысы не болып жатқандығы туралы өз пікіріне ие болады. Соңғы уақытта зерттеушілердің назарын буллинг әрекетін сырттай бақылаушылардың позициясы аударуда. Олардың өздері тікелей агрессияға ұшы-

рамайды, бірақ өзінің дәрменсіздігін сезіну нәтижесінде олардың өзін-өзі бағалауы күрт төмендейтіні дәлелденді.

Ресейлік ғалымдар буллинг мәселесіне шетелдік әріптестерінен он жылға жуық уақыт өткен соң жүгінді, бірақ 2000 жылдардың басынан бастап көптеген зерттеушілер буллингке тікелей байланысты тақырыптар бойынша еңбектер жариялады (мысалы, В.Р.Петросянц, М.Г. Нечаева, И.С. Бердышев, В.И. Вишневская, И.С. Кона, Д.А. Кутузова, О. Маланцева, А.А. Стрельбицкая, Е.И.Фейнштейн).

Буллингті зерттеумен байланысты негізгі қиындықтардың бірі – бұл құбылыстың жалпы қабылданған анықтамасының болмауы, ол өз кезегінде құбылыспен күресудің тиімді педагогикалық және әлеуметтік технологияларын дамытуды қиындатады.

Д. Олвеус ұсынған анықтама классикалық болып саналады: «оқушы бір немесе бірнеше оқушының бірнеше рет және мерзімді теріс әрекеттерінің нысанасына айналған кезде буллингке ұшырайды немесе буллинг құрбаны болады». Бұл анықтама жалпы алғанда, соңғы жылдары оған айтарлықтай толықтырулар енгізілгенімен, әлі күнге дейін өзектілігін жойған жоқ [2].

Отандық ғалымдар Д.К. Казымбетова жасөспірімдер мен жастар арасында девиантты мінез-құлық мәселесі туралы зерттесе, Б.А. Қуанышбек және С.Б. Дүзбаеваның ғылыми зерттеулерінде адамға қарсы зорлық-зомбылық қылмыстарының детерминанттары, алдын алу әдістері анықталып, зорлық-зомбылық ұғымының мәні мен оның түрлері анықталған.

Г. Жуматова, Н Байжұманова, Т Чаусова «Буллинг және кибербуллинг – әлеуметтік педагогикалық проблема ретінде» деген мақаласында буллингтің психологиялық әсер ету формаларын атап өткен. Оларға мыналар жатады:

- ауызша буллинг (мысалы: қорлайтын есім-лақап ат, қорлау, қорлайтын қауесеттерді тарату және т. б.);
- қорлайтын қимылдар немесе әрекеттер (мысалы, жәбірленушіге түкіру немесе оған қыймылы арқылы қорлау әрекетін көрсету);
- қорқыту (жәбірленушінің мінез-құлқына әсер ету және қорқыныш пен сенімсіздік сезімін тудыру үшін агрессивті дене тілі мен дауыс интонациясын қолдану);
- оқшаулау (жәбірленушіні оқушылардың бір бөлігі немесе бүкіл сынып болып әдейі оқшаулайды, қуып жібереді немесе елемейді);
- кибербуллинг-электронды құрылғылар, интернет-ресурстар арқылы қорлау (айыптаушы сипаттағы суреттер мен фотосуреттерді жіберу, ат қою, қауесеттерді тарату және т.б.) [3].

Демек, жасөспірімдер арасындағы буллинг бір жасөспірімге немесе басқа жасөспірімге бірнеше рет қасақана зиян келтіру деп атауға болады, ол осы жағдайда өзін қорғай алмайды және кетіп қалу мүмкіндігінен айырылады.

Буллинг жағдайының құрбаны болған балалар қорқытудың куәгерлерінің қауіпті жағдайдан өз бетінше кетуге мүмкіндігі болмайды, қудалау қайталанатын әрекеттердің сипатына ие және баланың өмірінің негізгі мәселесіне айналады.

Буллингтің айрықша ерекшелігі – қорлаушылардың, жәбірленушінің жағдайын және мінез-құлқын бақылауға деген ұмтылысы. Жасөспірімдердің эксперименттік әлеуметтік мінез-құлқының бір түрі бола алатын ситуациялық агрессиядан айырмашылығы, буллинг – бұл жасөспірімдер тобындағы мәртебе мен үстемдікті бекітудің тұрақты тәсілі.

Осылайша, буллинг ситуациялық агрессиядан бірнеше рет, қорлау ниетімен және қылмыскердің топтағы жағдайын нығайту үшін үстемдік еткісі келетіндігімен ерекшеленеді. Зорлық-зомбылықтың басқа түрлері сияқты, жәбірленуші де қарсы тұруға дәрменсіз және жағдайды нашар басқарады. Бұл ерекшеліктер буллингтің барлық түрлеріне (физикалық, әлеуметтік және ауызша) формаларына (бетпе-бет, виртуалды кеңістікте) тән [4].

Ұзақ уақыт буллингтің құрбаны болған жасөспірімдердің психологиялық денсаулығында күрделі мәселелер туындайды.

Буллингтің салдарын екі негізгі топқа бөлуге болады: ішкі және сыртқы мәселелер. Адамдарға бағытталған және ішкі жан дүниесінде туындайтын мәселелер ішкі болады. Оларға депрессия, тұйықталу, қорқыныш, үрей, өзіне зиян келтіру және т.б. жатады. Сыртқы мәселелерге басқаларға бағытталған мінез-құлық жатады. Оларға психоактивті заттарды пайдалану, агрессивті және импульсивті мінез-құлық. Ішкі мәселелер қыздарда жиі кездесетін болса, сыртқы мәселелер ер балаларда жиі болады.

Буллингтің психологиялық денсаулыққа әсерін зерттеудің нәтижелері көрсеткендей, буллинг салдарынан мида құрылымдық өзгерістер болатыны анықталды. Бұл ұзақ мерзімді психологиялық мәселелерді туғызады. Эрин Берк Куинлан және оның әріптестері Еуропада 14-19 жас аралығындағы 682 адамнан буллинг құрбаны болудан кейінгі әсерін анықтау бағытында сауалнама жүргізген. Олар алғаш рет 14 жасында миды МРТ түсірген, содан кейін 19 жасында мидың мөлшерін сондай-ақ стресс, мазасыздық және гиперактивтілік белгілерін тексеру үшін МРТ қайтадан өткізген. Сол кезде буллингке ұшырағандар мен буллингке ұшырамағандар арасындағы көрсеткіштерді салыстыра отырып, бұл көрсеткіштердің барлығы буллинг құрбандарында әртүрлі болғаны анықталды. Олардың миының сол жақ ядросы басқа топпен салыстырғанда кішірек болған. Сонымен қатар бұл зерттелушілерде депрессия, мазасыздық және гиперактивтілік мінез-құлықтар кездескен.

Буллингке ұшыраған балалар миының үлкен қабығында, әсіресе 37 бродмен өрісінің бөлігінде өзгеріс байқалған. Бұл аймақ жоғары деңгейлі көру үдерісіне жауап береді және тану әрекеті үшін маңызды. Қорқыту құрбандары өздерінің агрессорларының беттерін есте сақтайды және кейінірек агрессивті, зұлым тұлғаларға сезімталдық пайда болады. Ол болашақта әлеуметтік үрейдің пайда болуына әкеледі.

Буллингтің салдарынан әлеуметтік бейімделудің бұзылуы, мазасыздықтың, депрессияның және суицидтік ойлаудың жоғары деңгейі, өзін-өзі бағалаудың төмендеуі, жалғыздық пен оқшаулау сезімі пайда болады. Сонымен қатар зейінін шоғырландыра алмау, білім мекемесіне барудан бас тарту, академиялық үлгерімнің төмендеуіне әсерін тигізеді. Зорлық-зомбылықтың

құрбаны болу көбіне ұялшақтықтың жоғарылауымен және ересек жастағы адамдарға деген сенімнің төмендеуімен бірге жүреді, бұл әлеуметтік-психологиялық бейімделу үдерісінің бұзылуына әкеледі. Буллингтің құрбаны болған балалар денсаулығы мен оқу үлгерімінде қиындықтарға тап болады, құрдастарымен салыстырғанда үш есе мазасыздық-депрессиялық бұзылулар мен апатияға түсіп, өзіне-өзі қол жұмсауға тырысады.

Буллингтің психологиялық денсаулыққа тигізетін теріс әсерлерін айта отырып, күнделікті тәжірибеде олардың алдын алудың шараларын қолдануымыз қажет деп есептейміз. Қазіргі кезеңде интернет адамдардың өмірінің ажырамас бөлігіне айналды. Интернеттің мол мүмкіндіктерін пайдалана отырып, өскелең ұрпақты медиабілім арқылы тәрбиелеп, буллингке тән әрекеттердің алдын алуға болады.

Медиабілім – бұл адамдардың медиа сауаттылығын дамыту мақсатында бұқаралық ақпарат құралдарын зерттеу. Ал медиабілім беру – білім салаларында оқыту және зерттеу үшін көмекші құрал ретінде пайдаланудан өзгеше білім теориясы мен практикасы шеңберінде қазіргі заманғы коммуникация мен экспрессия құралдарын арнайы және дербес білім саласы ретінде зерттеу, оқыту және меңгеру [7].

Медиабілім беру бұқаралық ақпарат құралдарының барлық спектріне таралуы мүмкін және АКТ-ны оқытудың аспаптық тәсілінен асып түсетін нақты және қатаң тұжырымдамалық негізді ұсынады. Медиабілім берудегі озық тәжірибе студенттердің медиа тәжірибесін дамытуға бағытталған «практикалық» шығармашылық өндіріс пен сыни рефлексияның үйлесімін қамтиды [8].

Сонымен қатар, бүгінгі таңда медиабілім беру – бұл білім алушылардың медиа жүйелер мен олар шығаратын мазмұн туралы түсіндіруге, бағалауға және сыни тұрғыдан ойлауға үйрету үдерісі. Ол бұқаралық ақпарат құралдарының меншігін, коммерциялық ниеттерін, жаңалықтарды жариялауды, біржақтылықты және өкілдікті мұқият талдап, Facebook, Twitter, Instagram, Snapchat және т.б. сияқты әлеуметтік медиа платформаларын, интернет-мемдерді, мобильді қосымшаларды, теледидар бағдарламаларын, фильмдерді, жаңалықтарды, баспа жарнамаларын, онлайн жарнамаларды, вирустық жарнамаларды, бейне мазмұнды, саяси коммуникация, қоғаммен байланыс және бұқаралық коммуникацияның барлық түрлерін қамтиды [9].

D. Buckingham ғылыми зерттеуінде цифрлық технологиялар мен интернет медиабілім үшін көптеген мүмкіндіктер ұсынатынын алға тартады. Сонымен қатар, «кибербалалар» деп аталып жүрген бүгінгі жастар бұқаралық ақпарат құралдары туралы білуі керек нәрсенің бәрін біледі, ата-аналары және оқытушыларымен салыстырғанда жаңа медиамен қарым-қатынаста жылдам құзыретті және өкілетті бола алатындығы болжанғанымен, зерттеу нәтижелері жастардың көпшілігі автономды «кибербалалардан» алыс, яғни олар өздеріне сенімсіз, ақпарат қорларының аздығын және технологияның мүмкіндіктеріне қол жеткізе алмауынан жиі көңілдері қалатындықтары анықталған [10].

«Медиабілім беру» түсінігінің көптеген тұжырымдамаларынан, сайып келгенде медиа білім беру – бұл адамгершілік мұрағат пен құндылықтар негізінде бұқаралық ақпарат құралдарымен мәдени қарым-қатынасы бар жеке тұлғаны қалыптастыруға бағытталған медиабілім беру қызметі субъектілерінің жүйелі іс-әрекетінің жиынтығы екенін көреміз [11].

Демек, медиабілім беру – қазіргі ақпараттық қоғамда медианы саналы және сыни тұрғыдан пайдалану үшін қажетті дағдылар мен құзыреттерді дамытуға бағытталған білім беру саласы. Ал, буллингтің алдын алу және білім алушылардың психологиялық денсаулығын сақтау және дамыту контекстіндегі медиабілім берудің негізгі мақсаттары келесідей қарастырылады:

1. Медиабілім беру – білім алушыларға медиа қарым-қатынастың, стереотиптің және мінез-құлықтың қалыптасуына қалай әсер ететінін білуге және түсінуге бағытталған. Бұл оларға ақпараттандырылған және сыни тұрғыдан ойлайтын медиа тұтынушыларға айналуға және қорлауға ықпал ететін жағымсыз медиа бейнелер мен хабарламалардың әсерін азайтуға көмектеседі.

2. Әлеуметтік өзара әрекеттесу дағдыларын қалыптастыруда медиабілім беру қарым-қатынас, шекара қою, жанжалдарды шешу және ынтымақтастық дағдыларын дамытуға көмектеседі. Бұл дағдылардың қорқыту жағдайларының алдын алуға және оқу мекемесінде қолдау көрсететін, достық атмосфера- ны құруға ықпалы бар.

3. Медиабілім беру білім алушыларға эмоционалды сауаттылық дағдыларын дамытып, өз эмоцияларын және басқалардың эмоцияларын түсіну және басқаруға әсер етеді. Білім алушыларға оқу мекемесінде салауатты және құрметті орта құруға, өз іс-әрекеттерінің салдарын жақсы түсінуге және эмпатияны дамытуға мүмкіндік береді.

4. Қоғамдық белсенділік пен азаматтық ұстанымдағы медиабілім – білім алушылардың қоғамдық өмірге белсенділік танытып, буллингке қарсы жобаларға қатысуға, қауіпсіз және мейірімді орта құруға ынталандыруы мүмкін. Сондай-ақ, көшбасшылық қасиеттерін дамытып, қоғамдастық деңгейінде буллингті алдын алуға ықпал етеді.

Жалпы, буллингтің алдын алу және психологиялық денсаулықты сақтау контекстіндегі медиабілім беру – бұл білім алушыларға медианың жағымсыз әсерлерімен күресуге, салауатты және толеранттылыққа негізделген білім беру ортасын құруға көмектесетін сыни ойлау, эмоционалды сауаттылық, әлеуметтік өзара әрекеттесу және азаматтық белсенділік дағдыларын дамытуға бағытталған.

Осылайша, медиабілім беру – білім алушылардың буллингтің алдын алу- да және психологиялық денсаулығын сақтауда маңызды рөл атқарады.

Сыни ойлауды дамыту медиа хабарламалар мен бейнелерді білуге және бағалауға көмектеседі. Яғни шындық пен жалғанды ажыратуға, буллингке ықпал ететін медианың теріс әсеріне жол бермеуде әсері зор.

Медиабілім – білім алушыларда тиімді қарым-қатынас, шекара белгілеу, жанжалдарды шешу және ынтымақтастық сияқты әлеуметтік дағдыларын да-

мытуға ықпал етеді. Бұл дағдылар оларға құрдастарымен жағымды қарым-қатынас орнатуға, эмпатияны үйренуге және жанжалды жағдайларды шешуге көмектесіп, қорқыту қаупін азайтады.

Сондай-ақ, медиабілім құқықтар мен жауапкершіліктер туралы хабардарлықты арттырып, онлайн және офлайн ортада басқаларға құрметпен қараудың маңыздылығын, цифрлық этикетті сақтауды қамтиды. Бұл өз кезегінде оң медиамәдениетті қалыптастыра отырып, психологиялық денсаулығын дамытуда және буллингтің алдын алуға ықпал етеді.

Қорытындылай келе, медиабілім буллингтің алдын алуда және білім алушылардың психологиялық денсаулығын сақтауда маңызды рөл атқарады. Сыни тұрғыдан ойлауды, эмоционалды сауаттылықты, әлеуметтік дағдыларды және медианы саналы түрде пайдалану – жастардың дамуы, үйренуі мен өркендеуі үшін қауіпсіз, қолдау көрсететін білім беру ортасын құруға ықпал етеді.

Пайдаланған дереккөздер тізімі

1. Selekman Janice, Vessey Judith A. Bullying: It Isn't What It Used To Be // *Pediatric Nursing*. 2004. Vol. 30. № 3.
2. Olweus D. Bullying in schools: what we know and what we can do . Oxford, UK: Blackwell, 1993.
3. Жуматова Г, Байжұманова Н, Чаусова Т. «Буллинг және кибербуллинг – әлеуметтік педагогикалық проблема ретінде» Абай атындағы ҚазҰПУ-нің ХАБАРШЫСЫ, «Әлеуметтік және саяси ғылымдар» сериясы, №2 (82) 2023 ж <https://bulletin-socpolit.kaznpu.kz/index.php/ped/article/view/455>
4. Лэйн Д. А. Школьная травля (буллинг) // *Детская и подростковая психотерапия* / под ред. Д. Лэйна и Э. Миллера. СПб., 2001.
5. Тарасова, С. Ю., Осницкий, А. К., Ениколопов, С. Н. Социально-психологические аспекты буллинга: взаимосвязь агрессивности и школьной тревожности. *Психологическая наука и образование psyedu.ru*, 8(4), 102–116. <https://doi.org/10.17759/psyedu.2016080411>
6. Ядова, М. А. (2016). Буллинг в подростковой среде: причины и последствия. (Сводный реферат). *Социологический ежегодник, 2015-2016*, 308–316.
7. Alice Y. L. Lee. (2010). Media Education: Definitions, Approaches and Development around the Globe. *New Horizons in Education*, Vol.58, No.3
8. Buckingham, D. (2013). Media education: Literacy, learning and contemporary culture. John Wiley & Sons. P 216
9. Media Education Foundation. <https://www.mediaed.org/what-is-media-education/>
10. Buckingham, D. (2007). Media education goes digital: an introduction. *Learning, Media and Technology*, 32(2), 111–119. <https://doi.org/10.1080/17439880701343006>
11. Сейітқазы П.Б. Шетелдік медиабілім тәжірибесін талдау. Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршысы, Гуманитарлық ғылымдар сериясы, 2011.—№ 1 (80)